

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік меншікті есепке алудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 маусымдағы N 716. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 қаулысын орындау үшін және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басқаруындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік меншікке есеп жүргізу мен оның пайдалануына бақылау жасауды одан әрі жетілдіру және жүйеге келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың 15 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне ақпаратты машинамен таратуға арналған Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші және өзге де субъектілерінің толық мемлекеттік тіркелімін, сонымен бірге субъектілер бойынша меншіктің мемлекеттік үлесінің нысаны бойынша 1-қосымшаға сәйкес, ал қалғандары бойынша - 2-қосымшаға сәйкес беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті алынған тіркелімдер үшін төлем жасасын.

3. Шаруашылық жүргізуші және өзге де субъектілердің мемлекеттік тіркелімін ұстаушы функциясы Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінде сақталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрінің орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 6 м а у с ы м д а ғ ы

N 7 1 6 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Статистика және талдау
жөніндегі мемлекеттік комитеті заңды тұлғалар бойынша
мемлекеттік меншіктің толық (ішінара) үлестерімен
беретін көрсеткіштерінің
Т і з б е с і**

Рет N	Алаңның атауы	Мақсаты
1. ОКПО коды	ОКПО бойынша объектінің бірдейлік коды	
2. Аты	Объектінің атауы	
3. СОАТО коды	СОАТО бойынша аумақ коды	
4. 1-аумақ	Аумақ атауы (облыс/аудан)	
5. 2-аумақ	Аумақ атауы (аудан/елді мекен)	
6. Пошта	Пошта индексі	
7. Мекен-жай	Көшенің атауы және офис үйінің нөмірі	
8. Телефон	Офистің телефоны	
9. Директор	Директордың фамилиясы, аты-жөні	
10. ОКОНХ коды	ОКОНХ бойынша салалар коды	
11. Сала	Салалар атауы	
12. СООГУ коды	СООГУ бойынша басқарма органының коды	
13. Министрлік	Басқарма органының атауы	
14. КФС коды	КФС бойынша меншік нысанының коды	
15. Жекеменшік	Меншік нысанының атауы	
16. КОПФ коды	Ұйымдық-құқықтық нысанының коды	
17. КТП коды	Кәсіпорын үлгілерінің коды	
18. Жарғылық қор	Жарғылық қордың мөлшері, теңге	
19. Құрылтайшы	Құрылтайшының атауы	
20. Құрылтайшының коды	ОКПО бойынша объектінің бірдейлік коды	
21. Үлес	Құрылтайшының жарғылық қордағы үлесі %	
22. Банк	Банк атауы	
23. Шоты	Есеп айырысу шотының коды	
24. Нөмірі	Салық төлеушілердің тіркеу нөмірі	
25. Саны	Жұмыс істейтіндердің орташа саны, адам	
26. Негізгі қорлар	Негізгі қорлардың құны, мың теңге	
27. Пайда	Баланстық пайда, мың теңге	
28. Көлем	Өндіріс көлемі, мың теңге	
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы		
Ү к і м е т і н і ң		

1996 жылғы 6 маусымдағы

N 716 қаулысына

2-қосымша

**Қазақстан Республикасының Статистика және талдау
жөніндегі мемлекеттік комитеті жеке шаруашылық жүргізуші
субъектілер бойынша (мемлекеттік меншіктің үлесінсіз)
беретін көрсеткіштерінің
Т і з б е с і**

Рет N	Алаңның атауы	Мақсаты
1. ОКПО коды	ОКПО бойынша объектінің бірдейлік коды	
2. Аты	Объектінің атауы	
3. СОАТО коды	СОАТО бойынша аумақ коды	
4. 1-аумақ	Аумақ атауы (облыс/аудан)	
5. 2-аумақ	Аумақ атауы (аудан/елді мекен)	
6. Пошта	Пошта индексі	
7. Мекен-жай	Көшенің атауы және офис үйінің нөмірі	
8. Телефон	Офистің телефоны	
9. Директор	Директордың фамилиясы, аты-жөні	
10. ОКОНХ коды	ОКОНХ бойынша салалар коды	
11. Сала	Салалар атауы	
12. КФС коды	КФС бойынша меншік нысанының коды	
13. Жекеменшік	Меншік нысанының атауы	
14. КТП коды	Кәсіпорын үлгілерінің коды	
15. Құрылтайшының коды	ОКПО бойынша құрылтайшының бірдейлік коды	
16. Саны	ОКОНХ және КТП бойынша аралық саны	